

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология және әлем тілдері факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты Н. Сайбекованың
«Грамматологиялық парадигма: А. Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің
калыптасуы» атты диссертациялық жұмысына

П І К І Р

Қазақ тіл білімінің негізін қалаған А. Байтұрсынұлы зерттеулері қазіргі қазақ тіл білімі теориясының дамуында күні бүгінге дейін өзекті әрі мәнді болып отыр. Әсіресе, қазіргі жазу мәселесі мен қазақ жазуын өзгерту күні тәртібіне қойылған тұста А. Байтұрсынұлы жасаған грамматологиялық ілімді ғылыми тұрғыдан зерделеу, ғалымның басты идеяларын ашып көрсету ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да өзекті болып отыр. Әрі ертеректе жазылған бірлі-жарым кандидаттық диссертация мен жалпы шолу бағытындағы ғылыми мақалалар болмаса А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі туралы зерттеулерінің, соның ішінде жазу мәселесі туралы ғылыми ойларын зерттеп, тұжырымдарын зерделеген арнайы монографиялық зерттеу күні бүгінге дейін жарияланған емес. Сондықтан Н. Сайбекованың диссертациялық жұмысының өзектілігі мен ғылыми мәні айқын деп білеміз.

Диссертациялық жұмыстың басты мақсаты - қазақ жазу ғылымының А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделгенін зерделеу, қазақ грамматология ғылымының теориялық негіздемесінің басталуындағы ғалым рөлін таныту, қазақ жазуының қалыптасу және даму жолдарын белгілеу. Осы мақсатқа сай ізденуші бірнеше міндет белгілеп, соған сәйкес ғылыми тұжырымдар мен ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Яғни ізденуші алғаш рет А. Байтұрсынұлының қазақ жазу үлгісінің қалыптасуына қосқан еңбектерінің сонылығын дәйектеді; А. Байтұрсынұлының жалпы түркітанудағы жазу теориясына қосқан үлесін көрсетті; төте жазудың сөйлеу тілін таңбалаудағы маңызын айқындады; А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық емшелердің мәнін зерттеп, өзіндік ғылыми тұжырымын жасады.

Жалпы тіл біліміндегі И.Е. Гельб, И.М. Дьяконов, Жак Деррида сынды ғалымдардың теориялық зерттеулеріне сүйене отырып, А. Байтұрсынұлы зерттеулеріндегі жазу теориясы мен практикасының жетістіктері мен ерекшеліктерін көрсете алды. А. Байтұрсынұлының қазақ әліпбиі мен жазу туралы айтқан пікірлері әлемдік ғалымдардың айтқанымен орайлас, сабақтас екеніне көз жеткізді. «Қазақ тілінің табиғаты дегеніміз – қазақтың өзінің таза ауызекі сөйлеу тілі. Ауызекі сөйлеу тілі жазу тіліне жақын болу керек» деген ақымет идеяларын сабақтай отырып, ізденуші, «түп санадағы ақпарат жазу арқылы беріледі және әр халықтың өзіне ғана тән мәдениеті мен рухын байланыстыратын сөйлеу тілі әр халықтың өзіне ғана тән болып табылады» - деген пікірді тұжырымдайды. Ж. Деррида орыс тіліндегі логос пен дауыс терминдері ұқсас болғандықтан, неліктен француз тілінде де қолданбасқа деген пікірге келеді. А. Байтұрсынұлының берген мысалдарында логос пен дауыс қалай көрініс тапты деген сауалға келсек, берілген мысалдарда центрация ретінде бір

